



тіс емдеу емханалары

Емделушінің алынбалы ортодонтикалық каппаларды (элайнерлерді) дайындауға ақпараттық келісімі

Мен маған емхана ұсынған алынбалы ортодонтикалық конструкциялардың қолданылуымен емдеу жоспарымен және ортодонтикалық емдеудің виртуалды нәтижесімен таныстырылдым.

Дәрігер маған алдағы емдеудің барлық кезеңдерін егжей-тегжейлі түсіндірді және біз мені емдеудің соңғы нәтижесін, сондай-ақ емдеу үдерісінде клиникалық жағдайға сәйкес емдеу жоспарын түзету және жаңа каппаларды дайындау қажет болуы мүмкін екенін талқыладық.

Дәрігер маған каппаларды тәулігіне 22 сағаттан кем емес тағу қажеттілігі туралы түсіндірді (каппалар тамақтану және гигиеналық шараларды жүргізу кезінде ғана шешіледі), мен каппаларды тағу мерзімдері сақталмаған жағдайда, емдеу мерзімінің ұзаруы және Set up (ортодонтикалық емдеудің болжалды нәтижесінің виртуалды моделі) көрсетілген нәтижеге қол жеткізілмеуі мүмкін екенін түсінемін.

Маған тамақтану кезінде каппаларға сызаттың түсуі мен олардың сынуын болдырмау үшін каппаларды шешу қажеттігі ескертілді. Каппаларымды тек қана жылы сумен жуу қажет – өте ыстық су материал пішінінің өзгеруіне әкеп соқтыруы мүмкін. Таңертең және кешке каппаны паста жағылған жұмсақ ысқышпен тазалау қажет. Әдеттегі қатты немесе қаттылығы орташа ысқышты пайдаланбауға кеңес беріледі, себебі ол каппаны зақымдап, оның эстетикасын бұзуы мүмкін.

Маған каппаларды сындырып алмау үшін, каппаларды ауыз қуысымнан шығаруды артқы тістерімнен бастау қажеттігім ескертілді.

Маған емдеуші дәрігеріме менің медициналық картамада көрсетілген, тағайындалған мерзімде қатаң түрде келу қажеттігім ескертілді. Егер мен дәрігердің қабылдауына уақытылы келе алмасам, каппалардың соңғы жинағын дәрігердің қабылдауына келген сәтке дейін тағуды жалғастыратын боламын.

Маған аузыма каппаларды орнатудан кейін, күйін өзгерту қажет тістерімде белгілі бір дәрежеде жайсыздықтың барын сезінуім мүмкін екені ескертілді, мен мұндай жайсыздық каппаның тістерге түсіретін қысымның салдары болып табылатынын есімде ұстаймын.

Маған емдеудің келісілген жоспарына сәйкес сепарация (тіс эмалін тегістеу) қажеттілігі туралы ескертілді.

Мен өзімді мазалаған барлық сұрақтарды қою мүмкіндігіне ие болдым және оларға толық жауап алдым. Мен алынбалы жеке каппалардың дайындалуына келісімді беремін.